



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№7 6 сәуір 2020 жыл дүйсенбі

Бүкілдүниежүзілік денсаулық күні 10

7 сәуір - бүкіл дүниежүзілік денсаулық күні! Денсаулық – басты байлық! Осыған орай Жамбыл жоғары медициналық колледжінің басшысы Сарыбекова Ж.Н. бастаған "ДЕНСАУЛЫҚ ДОБЫ" атты челлендж тарады! Челлендждің басты мақсаты – әр адамға, әр отбасына Денсаулық сыйлау! "ДЕНСАУЛЫҚ ДОБЫ" челленджіне колледжіміздің оқытушылары мен студенттері қатысты. Салауатты өмір сүріп, салихалы ғұмыр кешейік!



Құқық бұзушылықтың алдын алу 11



5.03.2020 ж. Колледждің ҚБАЗ меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен колледж инспекторы, ПБ ЖПКБ ЮПБ аға инспекторы, полиция майоры Д.А. Кинжиханова және АӘЖТД пәнінің оқытушы ұйымдастырушысы Ж.Б. Бегалиев қатысуымен құқық бұзушылықтың алдын алу және полиция қызметкерлерінің жұмыстарымен танысу мақсатында колледж студенттерімен ПД-нің мұражайына барып қайтты. Мұражай директоры Г. Ю. Зияутдинова Халық Қаһарманы Ғ.Байтасовтың ерлігі жайында баяндап, бейнеролик көрсетіп, құқық бұзушылықтар жасамау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді



11.03.2020 ж. Колледж ұжымы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай ұйымдастырылған шеру барысында ҰОС ардагерлері В.В. Колесниченко пен Г.П. Колесниченко үйіне азық – түліктер және тәттілермен құттықтап қайтты.



Құттықтаймыз! 12

Ақтөбе жоғары медициналық колледжінің ұйымдастыруымен өткен сырттай Республикалық «Үздік арнайы пән оқытушысы» байқауының «Оқыту технологиясын шебер қолданушы» номинациясымен №3 арнайы пәндер ЦӘК оқытушысы Р.У. Джантасова марапатталды.

Ақтөбе жоғары медициналық колледжінің ұйымдастыруымен өткен сырттай Республикалық «Үздік арнайы пән оқытушысы» байқауының «Заманауи оқытушы» номинациясымен №3 арнайы пәндер ЦӘК оқытушысы Ж.А. Токташева марапатталды.



Ресей Федерациясы, Сібірдің орта кәсіптік медициналық білім беру аймақаралық бірлестігінің ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай «Вечный подвиг – он вам по плечу...» тақырыбында қашықтықтан қатысу жүйесінде өткізген халықаралық бейнеролик байқауының қорытындысы.

«Медицинский работник на войне» номинациясы бойынша:

«Емдеу ісі» бөлімі, 111 топ студенті Цой В.

«Жамбыльские медики в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг» тақырыбында өткен халықаралық байқауға қатысып жүлделі II орынды иеленді. Жетекшісі: №1 әлеуметтік-экономикалық пәндер оқытушысы Ашимова Ш.Е.

«Медицинское учебное заведение в 1941-1945гг» номинациясы бойынша:

«Мейіргер ісі» бөлімі, 209 топ студенті Аманкелди У. «Вечный подвиг – он вам по плечу...» тақырыбында өткен халықаралық байқауға қатысып жүлделі II орынды иеленді. Жетекшісі: №1 әлеуметтік-экономикалық пәндер оқытушысы Айдабосынова Ж.Н.



№7 6 сәуір дүйсенбі

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

22 НАУРЫЗ - Ұлыстың ұлы күні 1

Қашықтықтан оқыту 2

«Үздік мейіргер - 2020» сайысы 3

«Десмургия - 2020» кәсіби сайысы 4

«Дәрігерге дейінгі шұғыл көмек» кәсіби шеберлік байқауы 5

Кездесу 6

Онлайн суреттер байқауы 7

Онлайн тәрбие сағаты 8

«Дәрігерлерге алғыс» челленджі 9

Дүниежүзілік денсаулық сақтау күні 10

Құқық бұзушылықтың алдын алу 11

Құттықтаулар 12

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> https://www.instagram.com/zhmk_zhambyl.kz


22 НАУРЫЗ - ұлыстың ұлы күні 1




Колледж ұжымын 22 наурыз Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтаймыз! Ежелден жаңарту мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Өз – Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын. Ақ мол, жыл ырысты болсын!

«Жеткен кезде Наурызымыз жапан біткен жаңғырар, ...Жер көгеріп, шөп қаулап, мерейін бір қандырар. Күнге тосып арқасын жан-жануар албырар, Аунап-қунап барлығы жерге түгін қалдырар. Келе сала Наурызым жоқ нәрсені бар қылар!»

Қашықтықтан оқыту 2



Колледж ұжымы студенттердің және оқытушылардың денсаулығы мен өмірін сақтау, сонымен қатар COVID-19 вирустық жұқпасының жаппай таралуының алдын алу мақсатында 16 наурыздан бастап оқыту үрдісі қашықтықтан оқыту Moodle платформасын қолдану арқылы жүзеге асырылып отыр. Кітапхана қызметкерлері пән бойынша оқулықтар және қажетті электрондық – ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етті. Оқу бөлімі барлық оқытушылар мен студенттердің онлайн сабаққа қатысуын қадағалап, оқытушылар электрондық журнал арқылы бағалап отырады. мақсатында оқу үрдісін қашықтықтан оқыту жүйесінде үздіксіз жүргізуде. Колледж басшылығы жұмыс орнынан бақылау жүргізіп, студенттер мен оқытушылар үйлерінен MOODLE электронды платформасы арқылы тапсырмаларды орындауда.



“Үздік мейіргер - 2020” сайысы 3



11.03.2020 ж. Мамандығы «Мейіргер ісі», біліктілігі «Жалпы практика мейіргері» IV курс студенттерінің арасында «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушылары Э.Ж.Кудебаева, Г.С.Токкулиеваның ұйымдастыруымен «Үздік мейіргер – 2020» сайысы өтті. Сайыстың мақсаты: Студенттердің білімін, кәсіби біліктілігін, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастырып, олардың дүние танымдылығы мен қабілеттілігін арттыру, студенттердің дәрігерге дейінгі шұғыл көмекті көрсету жүйелілігі мен тапқырлығын анықтау. Дайындаған: Сайыстан жүлделі орын алған студенттер: Сенғали Динара 415 топ студенті бірінші жүлделі орын, Әбдікерім Балжан 414 топ студенті екінші жүлделі орын, Тюмин Александр 412 топ студенті үшінші жүлделі орын.

“Дәрігерге дейінгі шұғыл көмек” кәсіби шеберлік байқауы 4



04. 03. 2020 ж. «Емдеу ісі» мамандығы «Фельдшер» және «Акушер» біліктілігі IV курс студенттерінің арасындағы «Дәрігерге дейінгі шұғыл көмек» кәсіби шеберлік байқауы өткізілді. Сайыстың мақсаты: болашақ фельдшер және акушердің құзыреттілігін дамыту, олардың тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге көмек көрсету, шеберліктің жоғары деңгейін және кәсібилікті дәріптеу, жұмыс берушілердің уәждемесін арттыру және оларды фельдшер, акушер даярлауда біліктілікті және бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін жағдайлар жасауға тарту, медициналық және әлеуметтік күтім саласы қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыру, осы саладағы жұмыс әдістерін жетілдіру және денсаулық сақтау саласында қызмет көрсету сапасын жақсарту. Сайыстан жүлделі орын алған студенттер: Жұмабекова Ұлмекен 416 топ студенті бірінші жүлделі орын, Қали Аяулым 416 топ студенті екінші жүлделі орын, Аширова Құралай 419 топ студенті үшінші жүлделі орын

“Десмургия - 2020” кәсіби сайысы 5



12.03.2020 ж. Мамандығы "Мейіргер ісі", біліктілігі "Жалпы тәжірибедегі мейіргер" IV курс студенттерінің арасында "Хирургиядағы мейіргер ісі" пәнінің оқытушылары А.М. Даулетов, М.Л.Ералиевтің ұйымдастыруымен "Десмургия - 2020" кәсіби сайысы өтті. Сайыстың мақсаты: әр түрлі зақымданулар кезінде алғашқы медициналық жедел жәрдем көрсету тәсілдерін меңгере білу, өмірге қауіп төндіретін және шұғыл жайдалар кезінде медициналық көмек көрсете білу, студенттердің өз мамандығына деген сүйіспеншілігін арттыру, заман талабына сай жан – жақты дамыған маман иесі болуға тәрбиелеу, студенттердің тәжірибелік дағдыларын сайыс арқылы тексеру. Сайыстан жүлделі орын алған студенттер: Камчибеков Арнат 402 топ студенті бірінші жүлделі орын, Тулендиев Нұрдаулет 408 топ студенті екінші жүлделі орын, Данибай Ақмоншақ 406 топ студенті үшінші жүлделі орын.



“Кездесу” 6


12.03.2020ж. Колледжде Қазақстан Республикасының Конституциясының 25 жылдығына орай, «Ата Заң – мемлекеттің негізі» тақырыбында 1 курс студенттері арасында колледж заңгері Т.Н. Нышанбековпен кездесу өткізілді. Ата Заңымыз ҚР Конституциясы жайында толық мағұлмат берілді. Студенттер өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алды.



Онлайн суреттер байқауы 7




Колледж студенттерінің бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында онлайн тәрбие жұмысының жоспары құрылып жүзеге асырылуда: «Армысың өз - Наурыз!» тақырыбында онлайн - құттықтаулар жолданып, «Шуақты Наурыз» тақырыбында суреттер байқауы ұйымдастырылды.




Онлайн тәрбие сағаты 8

26.03.2020 ж. Колледждің студенттері бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында «Кітап оқу лидері» мен «Дені саудың жаны сау» тақырыбында онлайн тәрбие сағаттарын өтті.



“Дәрігерлерге алғыс” челленджі 9



Колледждің белсенді студенттері әлеуметтік желіде кең таралған челленджді қолдап, отбасыларын сирек көріп, демалыссыз жұмыс істеп жүрген медициналық қызметкерлерге, дәрігерлерге өз бастарын үлкен қауіп – қатерге тігіп, азаматтық және қызметтік борышын толық көлемде орындап жүргені үшін алғыс айтты.